

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы "Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 34/2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 94/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 04 сәуірде № 5039 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 57/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 21.02.2018 № 57/1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы "Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 34/2 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3728 болып тіркелді, 2014 жылғы 20 наурызда "Сарыарқа самалы" газетінде, 2014 жылғы 20 наурызда "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

19-тармақта 7) тармақша алынып тасталсын;

20-тармақта:

12) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"12) саяси партиялармен, этномәдени орталықтармен, үкімет емес, діни және өзге де қоғамдық ұйымдармен байланыстарды жүзеге асыру;"

14), 16) және 28) тармақшалар алынып тасталсын;

21- тармақта 5) тармақша алынып тасталсын.

2. "Павлодар облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасарына Г.Қ. Сәдібековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев